Құрметті магистратураға түсушілер!

2026 жылғы 28 қазан мен 10 қараша аралығында магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштер қабылданады.

Өтінішті app.testcenter.kz сайты немесе UTO.kz мобильді қосымшасы арқылы беруге болады.

Тіркелу кезінде түсуші тестілеу өтетін қаланы өз бетінше таңдайды. Кешенді тестілеудің өтетін орны мен уақыты туралы ақпарат 2026 жылғы 13 қарашадан бастап түсушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Ғылыми-педагогикалық магистратура

Мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу және ақылы негізде оқуға түсу үшін шекті балл — 75 балл. Оның ішінде:

- шет тілі бойынша — кемінде 25 балл;
- оқуға дайындығын анықтауға арналған тест (ОДАТ) бойынша — кемінде 7 балл;
- білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен — әр пән бойынша кемінде 7 балл.

Бейінді магистратура

Мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу және ақылы негізде оқуға түсу үшін шекті балл — 30 балл. Оның ішінде:

- білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен — әр пән бойынша кемінде 7 балл.

Кешенді тестілеуге қатысу құны — 14 693 теңге.

Түсушілерден тіркеуден уақытылы өтіп, көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын мұқият тексеруді сұраймыз.

Кешенді тестілеуді сәтті тапсыруларыңызға тілектеспіз!